

Конкурс өткізу туралы хабарландыру!

Орналасқан жері: Меркі ауданы, Сұрат ауылы, Қалдыбай Шөкеұлы, № 54

Электронды мекен-жайы: bulbulkurmanbaeva@yandex.kz

Телефон нөмері: 8 (72632) 5-30-81

Мекеме атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Бос лауазым атауы:

1. уақытша бос (негізгі қызметкердің орнына) тәрбиеші лауазымына - 1.0 жүктеме
2. бос тәрбиеші лауазымына - 1.0 жүктеме

Еңбекақы мөлшері: 150 000 - 180 000тг

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес балалардың жас ерекшелігін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады.
2. Тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін ашуға және дамытуға, тұлғаның әлеуметтенуі мен жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.
3. Оқытудың әр түрлі нысандарын, тәсілдерін, әдістерін қолданады.
4. ҰОҚ перспективалық жоспарларын, циклограммаларын құрады.
5. Оқыту процесінде инновациялық, ақпараттық технологияларды ендіруді қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілерді мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған білім, білік дағдыларымен қамтамасыз етеді.
6. Тәрбие мен оқыту процесі кезеңінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етеді.
7. Құрал-жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.
8. Бөбекжай-бақшада тақырыптық көрмелер, мерекелер декорацияларын безендіреді.
9. Ұжымның ұйымдастырушылық-қоғамдық шараларына қатысады.
10. Курстарда, семинарлар және өз білімін жетілдіру жолымен өз біліктігін көтереді.
11. Ішкі еңбек тәртібі, жеке гигиена ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, өртке қарсы қорғанысты сақтайды.

12. Кестеге сәйкес медициналық тексеруден жұмыстан бос уақытта уақытылы өтеді.

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын талаптары:

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі және (немесе) техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі: педагог-модератор және педагог-сарапшы үшін кемінде 2 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 3 жыл, педагог-шебер үшін - 5 жыл;

және (немесе) біліктілігінің орта деңгейі болған кезде мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін- кемінде 2 жыл; педагог – сарапшы үшін - кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін- кемінде 4 жыл.

Құжат тізбесі:

- 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс-парағы және сурет
- Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім туралы құжаттардың көшірмелері;
- Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса)
- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы ДСМ-175-2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген)
- Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- Наркологиялық ұйымнан анықтама;

- Сетификаттаудан өту нәтижелері туралы сетификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса)
- 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.
- тәжірибесі жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы (өзін-өзі таныстыру) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

Конкурса құжаттарды қабылдау мерзімі: 15.08.2024ж. - 23.08.2024ж. (9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс 13.00-14.00)

Құжат қабылдау мекен-жайы: Меркі ауданы Сұрат ауылы, Қалдыбай Шөкеұлы, № 54